

**Азаматтық қорғау органдарының
жұмысы мәселесі бойынша
Қоғамдық кеңес отырысының № 2 хаттамасы
(ТЖМ)**

Астана қ.2024 жылғы 24 мамыр

Өткізу орны: Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің кеңес залы(Мәңгілік ел даңғылы, 8, 10 қабат)

Төрағалық еткен: Д.Д. Сатылғанов

Азаматтық қорғау органдарының жұмысы мәселесі бойынша Қоғамдық кеңес мүшелерінен қатысқандар (ТЖМ): Е.А.Баймулдинов, Р.Ф.Камалов, М.Қ.Искаков, К.Е.Қыстаубаев, М.С.Қайсанов, Қ.А.Мейрамов, А.А.Мәдиев, М.Әбдіхалықұлы, Ж.Қ.Телеубаев.

бейнеконференцбайланыс режимінде: Н.Н.Тоқсанов, Ф.Л.Мордвинкин, К.Е.Дүйсенов, Г.Т.Қамарова, Ю.А.Новожилов, В.Н.Ганагин, Т.У.Омаров.

Қатыспағандар: Қ.А.Турсынбаев, А.Ж.Дұрысбеков.

Шақырылғандар: Төтенше жағдайлар вице-министрі Б.М. Сыздықов, Қаржы және мемлекеттік сатып алулар департаментінің директоры Н.И. Гадзенко, Ақпараттандыру, цифрландыру және байланыс департаментінің бастығы А.А. Жаулыбаев, Төтенше жағдайлардың алдын-алу департаментінің бастығы Р.Н. Амрин, Өнеркәсіптік қауіпсіздік департаменті төрағасының орынбасары С.Қ. Қазақбаев, Азаматтық қорғаныс және әскери бөлімдер комитеті төрағасының орынбасары А.С. Советов.

Күн тәртібінде:

1. Министрліктің 2024 жылғы 1 тоқсандағы жұмысының нәтижелері мен 2024 жылға қойылған міндеттер туралы.
2. 2023 жылдағы республикалық бюджетті орындау және 2024 жылға арналған қаржыландыру көлемі туралы.
3. «ГИС ТЖ Ақпараттық платформасы» жобасын қарастыру.
4. Азаматтық қорғау органдарының жұмысы мәселесі бойынша Қоғамдық кеңестің (ТЖМ) Ережесіне «Қоғамдық кеңес мүшелерінің әдеп нормаларының тәртібі» жаңа бөлімін қарастыру және толықтыру.
5. Қоғамдық кеңес мүшесінің статусын куәландыратын құжаттың ережесі мен үлгісін бекіту.

1. Министрліктің 2024 жылғы 1 тоқсандағы жұмысының нәтижелері мен 2024 жылға қойылған міндеттер туралы
(Есепті тыңдау)

(Б.М.Сыздықов, Д.Д.Сатылғанов, Н.Н.Тоқсанов)

Министрліктің 2024 жылғы 1 тоқсандағы жұмысының нәтижелері мен 2024 жылға қойылған міндеттер туралы есебі Қоғамдық кеңес мүшелерінің

жалпы санының берілген дауыстарынан («Қолдайды» - 16 мүше, «Қарсы» - 1 мүше (Н.Н. Тоқсанов) қабылданды.

2. 2023 жылдағы республикалық бюджетті орындау және 2024 жылға арналған қаржыландыру көлемі туралы.

(Есепті тыңдау)

(Д.Д.Сатылганов, Н.И.Гадзенко)

2023 жылдағы республикалық бюджетті орындау және 2024 жылға арналған қаржыландыру көлемі туралы есеп Қоғамдық кеңес мүшелерінің шешімімен бірауыздан қабылданды.

3. «ГИС ТЖ Ақпараттық платформасы» жобасын қарастыру

(Қоғамдық сараптама)

(Д.Д.Сатылганов, М.Әбдіхалықұлы, Р.Н.Амрин, А.А.Жаулыбаев)

Министрлік пен «Safety GIS» ЖШС-нің арасындағы 2023 жылғы 29 наурыздағы № 06-01-01/1282-И меморандум шеңберіндегі жүйе түрінде ұсынылған «ГИС ТЖ Ақпараттық платформасы» жобасын (ТЖ туралы алынатын ақпаратты жинақтау мен тіркеу функциялары бар жүйенің архитектурасы, қауіпсіздіктің цифрлық төлқұжаты, табиғи сипаттағы ТЖ (су тасқындары мен табиғи өрттер) болжамын қалыптастыру, ТЖ салдарынан болған жағдайлар мен мүмкін болатын сценарийлерді модельдеу, болжанып отырған ТЖ-дың алдын-алу үшін күштер мен құралдардың есебі, ТЖ бойынша жағдайлық анықтамалар мен ұсыныстар беру, ТЖЗ карталарының атластары, есептерді қалыптастыру және т.б.) қарастырып, Министрлікке геоақпараттық жүйелер, ақпараттандыру мен азаматтық қорғаныс саласындағы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды жетілдіру саласында «Акмоласвязьмонтаж» ЖШС-мен (бағдарламаға жеке мүліктік құқығы бар мирасқоры) жұмысты жалғастыру.

4. Азаматтық қорғау органдарының жұмысы мәселесі бойынша Қоғамдық кеңестің (ТЖМ) Ережесіне «Қоғамдық кеңес мүшелерінің әдеп нормаларының тәртібі» жаңа бөлімін қарастыру және қосу

(Қоғамдық отырыс)

(Д.Д.Сатылганов)

Қазақстан Республикасы «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 7 бабының 1 тармағының 5) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат Министрлігінің Азаматтық қоғам істері бойынша комитетінен 2024 жылғы 27 наурыздағы № 02-24/1333 Қоғамдық кеңестер мүшелерінің өздеріне жүктелген міндеттерін атқару кезіндегі әдеп тәртібі мәселесі бойынша қоғамдық кеңестерге арналған ұсыныстарға сәйкес Қоғамдық кеңес мүшелерінің шешімімен бірауыздан қабылданып Азаматтық қорғау органдарының жұмысы мәселесі бойынша Қоғамдық кеңестің (ТЖМ) Ережесіне келесі толықтырулар енгізу шешілді:

23 тармақты келесі мазмұндағы 12) тармақшасымен толықтыру:
«12) Қоғамдық кеңес мүшесінің статусын куәландыратын құжат (куәлік)
туралы үлгі, мазмұн және ережені бекіту.»;

келісі мазмұндағы 4 бөліммен толықтыру:

«4 бөлім. Қоғамдық кеңес мүшелерінің әдеп тәртібінің нормалары.», (4
бөлімнің толық тексті Хаттамаға қоса беріледі).

5. Қоғамдық кеңес мүшесінің статусын куәландыратын құжаттың ережесі мен үлгісін бекіту

(Қоғамдық отырыс)

(Д.Д. Сатылғанов)

1. Қазақстан Республикасы «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 7
бабының 1 тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қоғамдық кеңес мүшелерінің
бірауыздық шешімімен Азаматтық қорғау органдарының жұмысы мәселесі
бойынша Қоғамдық кеңестің (ТЖМ) мүшесінің куәлігі туралы Ережені бекіту.

2. Қоғамдық кеңестің хатшысына Қоғамдық кеңес мүшелерінің куәлігі
туралы Ережеге сәйкес Қоғамдық кеңес мүшелеріне куәлік беру бойынша
Министрлікпен жұмыс жасау.

**Азаматтық қорғау органдары
жұмысының мәселері бойынша
Қоғамдық кеңестің (ТЖМ) төрағасы**



Д. Сатылғанов